

С. Қоңырбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: pedsheberlik@gmail.com

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ –
ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫНЫҢ ӨЗЕГІ
(қаңтар оқиғасынан кейін жастар тәрбиесіне
талдау мен тұжырым)**

Еліміздегі қаңтар айында болған бейбіт шерудің ақыры қайғылы да қасіретті оқиғаға ұласуы және оның ішіндегі жастардың болуы, бүлікшілер мен қарақшылық әрекеттердің орын алуы, олардың аяусыз жазалануы жөнінде жан-жақты зерттеулер жүріп жатыр.

Осы тақырыпты әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан зерттеуді мақсат еткен бұл мақалада мемлекеттің жастар саясаты мен тәрбиесіне қатысты қазақстандық патриотизмге негіз болатын құндылыққа бағдарланған қазақстандық мәдениет қалыптастырудың мәселелерін қаңтар оқиғасынан кейін жан-жақты талдап, тұжырым жасау идеясын басшылыққа алған. Әлемдегі жастар саясаты мен тәрбиесіне қатысты заңдар мен зерттеулер, олардың жан-жақты даму мүмкіндіктерінің ескерілуіне шолулар жасалды. Осыларды басшылыққа ала отырып, қазақстандық жастар тәрбиесін қайта қарап, құндылықтарға негіздеп қайта ұсынудың жүйесі түзіліп, құндылықтардың құнсыздануы, өзгеруі жастар тәрбиесінің оң нәтижесін көрсетпеуі талданып, кестеге түсірілді. Бұрын зерттеулерде қарастырылмаған тәрбиеге ықпалды құндылықтардың өзгеруіне қатысты құнды талдауларды көруге болады.

Қаңтардағы оқиғаға қатысты және қазақстандық патриотизмге көзқарастарын анықтау үшін студент-жастардың пікірлері мен тұжырымды ойлары сауалнама арқылы жинақталып, талданды, нәтижесі кестеге түсірілген. Сауалнама жауаптарын өңдеу және талдау барысында жастардың өз-өздеріне сыни көзбен қарап, жастар тәрбиесін жанашырлықпен қайта қарау керек деген тұжырым жасалған.

Мақала барысындағы талдаулар мен зерттеулерді шолу, зерделеу арқылы автор көптеген ұсыныстар жасап, қорытынды жасаған.

Түйін сөздер: жастар тәрбиесі, жастар саясаты, қазақстандық патриотизм, қазақстандық мәдениет, құндылықтар, құндылық бағдар, құндылықтардың өзгеруі.

S. Konyrbaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: pedsheberlik@gmail.com

**Kazakhstani Patriotism as the Core
of the Values of Youth Education
(Analysis and conclusions on the education
of young people after the January events)**

The January events provoked the country, when the youth took to the peaceful procession, expressing their demands. But, unfortunately, this process continued for several days, where the intervention of the actions of violators of the life of peaceful cities took place.

The article is allocated to the study of the January events that took place in the country, in order to reveal the socio-pedagogical aspects of the policy of educating young people by the state in the spirit of Kazakhstani patriotism, aimed at preserving national value orientations and culture of Kazakhstan's citizens. The author, exploring this issue, conducts a comprehensive analysis and puts forward his conceptual ideas for the formation of Kazakhstani patriotism among young people. Taking into account the possibilities of developing the policy of educating youth in the world space, the author touches upon the research and laws of this sphere.

A comprehensive analysis of research requires a revision of the policy of educating Kazakhstani youth, where the table shows the results of questionnaires and surveys among young people, based on the consideration and study of their underestimated understanding of value orientations.

These research results lead to the idea of introducing ideas for studying the influence of value orientations that have a valuable significance in the education of young people.

In order to determine the personal view of the perception of Kazakhstani patriotism in the canon of the January events, the author conducted a survey among students in the form of a intorragation, the results of which are reflected in the table.

An analysis of the survey conducted by the author shows that student youth expresses their position regarding the January events, is serious about reviewing and making changes to the education of young people in general. Based on the research work done and the analysis of the scientific works of scientists, thinkers, the author offers recommendations on the organization of educational work among young people and gives valuable conclusions on this issue.

Key words: youth education, youth policy, Kazakh patriotism, Kazakh culture, values, value orientations, change in values.

С. Қоңырбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: pedsheberlik@gmail.com

**Казахстанский патриотизм
как ядро ценностей воспитания молодежи
(Анализ и выводы по воспитанию молодежи
после январских событий)**

Январские события всколыхнули страну, когда молодежь вышла на мирное шествие, выражая свои требования. В тоже время имело место вмешательство в выступления ланкестеров и нарушителей жизни мирных городов. Статья посвящена исследованию социально-педагогических аспектов воспитательной политики молодежи государством в духе казахстанского патриотизма, направленной на сохранение национальных ценностных ориентиров и казахстанской культуры. Автор исследуя данную проблематику проводит анализ и выдвигает идеи развития у молодежи казахстанского патриотизма.

Анализ исследований разных авторов привел к выводу о необходимости пересмотра политики воспитания казахстанской молодежи. В рамках исследования был проведен опрос студентов и молодежи. В статье приведены результаты анкетирования, указывающие на заниженный уровень понимания ими ценностных ориентиров, осторожность в оценке текущей ситуации. В опросе приняло участие 63 студента факультета философии и политологии КазНУ им.аль-Фараби, педагогических специальностей.

Результаты исследований показывают необходимость изучения влияния ценностных ориентиров на воспитание молодежи. На основе проделанной исследовательской работы, опыта педагогической деятельности и анализа научных трудов ученых, автором предлагаются рекомендации по организации воспитательной работы среди молодежи.

Ключевые слова: воспитание молодежи, молодежная политика, казахстанский патриотизм, казахстанская культура, ценности, ценностные ориентации, изменение ценностей.

Кіріспе

2022 жыл, 4-7 қаңтар. Егемендік алған 30 жылдық тәуелсіздігінің тарихи мерекесін тойлап болысымен, елімізде келеңсіз оқиғалар орын алды. Өзірше халық «қанды қаңтар», «қаңтар қасіреті», «қаңтар трагедиясы» деп атағанымен, әлі зерттелу барысында арнайы ресми атау тағайындалатын болар. Жаңа жыл басталысымен Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласында басталған бейбіт митингке жергілікті тұрғындар мемлекет басшысы мен үкіметке әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси талаптарын қоюы түрткі болып, Қазақстанның барлық аймағы құлақтанып, бұл үдеріске еліміздің көптеген қалалары ілесе бастады. Батысымыз саналатын: Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе қалаларындағы митингіде тәртіп сақталып, тыныш өтті деуге

болады. Мүмкін, оған басты себеп болған 2011 жылғы Жаңаөзендегі қайғылы оқиғадан сабақ алған халық, оның ішінде үлкендер жастардың келеңсіз әрекеттерге баруына жол бермеді деп пайымдауға болады. Ал Қызылорда, Шымкент, Тараз, Алматы, Талдықорған қалаларындағы митингіге бейбіт мақсатта талап қоюға жиналған халықтың арасынан бүлікшілер пайда болып, көліктер мен кеңселерді өртеп, қиратып-бүлдірген тәртіпсіздік, дүкендер мен банктерді, банкоматтар мен төлем жасау аппараттарын бұзып-тонаған қарақшылық әрекеттер орын алды. Негізгі ішкі істер қызметкерлері, полициялардан да басқа қарусыз шыққан халықтың арасында ойламаған жерден қаруланған содырлар пайда болғаны және олардың оқыс та аяусыз әрекеті салдарынан адам шығынының орын алғаны – жан күйзелтерлік жағдай. Бір

жақсысы, білім алып жатқан студенттер қаладан алыс (пандемия талабымен әрі каникулда) ата-аналарының қасында еді.

Әсіресе, Алматы қаласындағы 4 қаңтарда кешке «Алматы Арена» спорт сарайының жанында бейбіт наразылық акциясы ретінде басталып, мегаполис орталығына дейін жетіп, бірнеше күнге созылған трагедия орны толмас өкініштерге соқтырды. Тәртіп сақшылары, қауіпсіздік және полиция қызметкерлері осы оқиға барысында оққа ұшып, мерт болды. Көптеген ғимараттар отқа оранды. Осылайша, Алматыдағы қайғылы жағдай барша қазақстандықтарды есеңгіретті. Ресми деректер бойынша осы оқиғаның салдарынан елімізде 227 адам қаза тауып, 4353 адам жарақат алған (<https://sputnik.kz>) [1]. Бұл әлі нақтылана зерделеніп, толық мәліметтерге қол жеткізуіміз мүмкін.

Егемендігіміздің 30 жылдық тарихына баға бергенде қанша жарқын нәтижелер айтқанымызбен, елдің әлеуметтік жағдайындағы теңсіздік, конституциялық құқықтың бұрмалануы, жер байлықтары мен кен орындарының сатылуы, жұмыссыздық мен еңбектің төмен бағалануы, т.б. әділетсіздіктер болғаны, халықтың наразылығын туғызғаны ақиқат. Халқымыз, оның ішінде әсіресе жастар үкіметке бейбіт түрде талап қою арқылы қоғамды жақсы бағытқа өзгерту мүмкіндігі болатындығына сенімді болды. Қазақстан Республикасы – көпұлтты болғанымен, унитарлы мемлекет. Мемлекеттің байлығы – адам, болашағы – жастар. Еліміздің болашағы үшін деп алаңға шыққан жастардың оққа ұшуы, қанды оқиғадан соң қамалып, полицейлердің күш көрсету мен зорлық жасауынан азап тартуы – адам құқығының тапталуы орын алатындығының айқын көрінісі.

Еліміздегі қаңтар оқиғасы орасан материалдық шығын келтірумен қатар, қанша уақыт саяси-әлеуметтік ахуалды ауырлатып, пандемия жағдайындағы талаптардың да, басқа экономикалық жағдайлардың да қиындауына жол берді. Қазір жағдай тұрақталғанымен, оның зардаптары жөнінде, арандатушылардың ықпалына іліккен жастардың тағдыры және олардың жаманатқа ілінуі туралы арнайы кәсіби мамандар тарапынан ойлану, талдау, саралау, баға беру мен қайта қарастыру қажет. Бұл уақыттың еншісінде.

Қоңілге демеу болатындығы 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзі барысында берген тапсырмаларының басты-

сы 2 айдың ішінде үкіметке халықтың жағдайын жақсартуға арналған бағдарламалар дайындауды ұсынғандығы (<https://primeminister.kz>) [2]. Сондай-ақ кезең-кезеңімен Жаңа Қазақстанның даму бағыттары туралы салиқалы ойларымен тұжырымдалды.

Мақсаты мен ғылыми әдістемесі

Бұл мақаланың жазудың мақсаты мен ғылыми әдістемесі осы қасіретті оқиғаның негізінде қандай мәселелер жатқанын және оның жастар тәрбиесіндегі маңызын, тигізетін ықпалы мен оның идеяларын қайта қарастыруды қолға алады.

Белгілі бір мәселені талқылауға қатысты ғылымда «себеп» және «салдар» деген егіз ұғым бар. Бұл екі ұғым бірінен бірі туындап, түрлі әрекетке түрткі болады. Біз жастармен тікелей жұмыс жасайтын ЖОО-ның профессор оқытушылар құрамы бұл мәселені айналып өте алмаймыз. Себебі, мерт болғандардың ішінде де, тонаушылар мен тәртіпсіздік жасағандардың арасында да, құқығы тапталғандардың ішінде де тіпті кәметке толмаған жастардың бар екендігін көре отырып көз жұма қарау, кәсібилігімізге сын болар еді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбие мәселесі үздіксіз жүретін процесс екендігін және бұл біздің артықшылығымыз екендігін теориялық дәрістерде баса айтатындығымыз рас. Бұл біздің білім беруге қатысты заңдарымыз бен стандарттарымызда көрсетілген.

Ата-ана балаларына «мені жақсы көріңдер» деп тәрбие бермейді. Ұрысса да, ұрса да басқаларға жасамайтын жанашырлығын сезініп, бала ата-анасын өзіне басқалардан жақындығы үшін жақсы көреді. Отанды сүю де салыстырмалы тұрғыдан осындай болса керек-ті. Менің Отаным – Қазақстан, оның өткені мен болашағы, экономикалық жағдайы мен табиғат байлығы, әлемде алатын орнына қарамастан, сонда туып-өскенім үшін жақсы көремін. Бұл аксиома болуы тиісті еді.

Зерттеудің басты сұрақтары ретінде ойға келетіні: «Егер мектептер Отанды сүю мен патриотизм туралы айта бастаса, онда мемлекетте бір нәрсе дұрыс емес екендігінің көрінісі» (<https://www.youtube.com>) [3] деген тұжырымды естіген едім. Расымен, «қаңтардағы қасіретті оқиғадан» соң, жаппай бейбіт шеруге шыққан жастарды қамауға алып, ұры-қарыға, бүлікшілерге теңеп, қаралай бастады. Барлық педагог қауым тәрбие

жұмыстарын теріс жүргізгендей сезінгені рас. 1986 жылы да Желтоқсан оқиғасынан соң, жаппай алаңға шыққан қазақ жастарын бүлікшілер, тәртіпсіздер мен нашақорлар деп айыптап, жазалап, ату жазасына дейін барған коммунистік партияның кереғар саясаты сияқты уақыт өте келе пікірімізден айнымыз ба?! Бүгінгі біздің тәрбие тұжырымдамаларымыз мінсіз бе?!

Зерттеу болжамы ретінде қаңтар оқиғасындағы жастардың тәртіпсіздер мен тонаушылар арасында болуының басты себептері тәрбие туралы заңдарымыз бен тұжырымдамаларымыз, бағдарламаларымыздың кемшіліктерін байқататын шығар. Мүмкін біз педагогтар қоғам шындығына бір жақты қарап, жастарға тағылым берудегі ой мен сөздің, әрекеттің бірлігі үйлеспегендіктен, сын тұрғысынан талдай білетін еркін ойлы жастар өмір шындығын дәлелдеуге, өз сөздерімен жеткізуге әрекет еткен де болар. Егер біз тәрбиеге қатысты құжаттарымыз бен негізгі идеяларымызды өмір шындығы атты сүзгіден қайта өткізіп, нәтижесінде заманауи тың идеялар ұсынсақ, мәселе ұғынықтырақ болар ма еді.

Зерттеудің кезеңдеріне тәуелсіздік алғалы бергі біздің тәрбиеде ұстанған негізгі құндылықтар, әдіснамалық көзқарастарымыз бен тәрбиенің бағыттарымызды саралап, бүгінгімізбен байланыстырып, болашаққа ұсыну.

Зерттеу әдістері

Қазақстандық патриотизм, құндылықтарға негізделген жастар тәрбиесі, жастар саясаты жөніндегі ғылыми зерттеулер мен ғылыми әдебиеттерді зерделеу және талдау, теориялық талдау мен жинақтау, салыстыру, жүйелеу, сауалнама жүргізу әдістерін қолдана отырып, логикалық түсіндіру, пайымдаулар мен ұсыныстар берумен қорытындыланады.

«Балам» деген жұрт болмаса – «жұртым» дейтін бала қайдан шықсын?» деген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының сөзіндей, алаңға шыққан шерушілер жеке басының қамы үшін емес, ел-жұрты, мемлекеттің мәселесіне шыққан еді ғой.

2016 жылдың қазан айында Оңтүстік Корея елінде өткен Орта Азия халықтарының бала тәрбиесіне қатысты форумына қатысуға барғанда Сеул қаласында студенттер жастардың бейбіт шеруін көрдік. Сол жылы студенттердің стипендиясын қысқартып, оларға қосымша жұмыс жасауға рұқсат берілген екен. Ал сту-

денттер бұл талапқа келіспей, «Толыққанды маман болу үшін сапалы білім алғанымыз дұрыс, стипендия қысқартылмасын!» деген өз талаптарын білдіріп, қолдарына плакаттарын ұстап, тәртіп сақтай тұрып, бірнеше позицияда қарсылықтарын білдіріп тұр. Қастарында тәртіп сақшылары – полицейлердің жай бақылаушы ретінде тұрғандары байқалады. Жиналған жастарды тарату, қоршау немесе қайтаруға тырысу болған жоқ. Кешке біз іс-шарадан шыққанда бәрі тараған, қала тыныш. Бір ғана мысалдан біздің түйгеніміз: бұл елде бейбіт шеру мәдениеті қалыптасқан, қоғамның белсенді мүшесі жастар өз құқығын біледі және өз пікірлері мен талаптарын қарсылықсыз, шынайы жеткізе алады.

Жастар тәрбиесіне қатысты мәселе қозғалғанда, қандай қателіктер жіберілді деген сұрақ білім беру саласындағы барша мамандарды толғандырады сөзсіз. Егер берген тәрбиенің күтпеген теріс әрекеттер байқалса, онда тәрбие мәселесіне ерекше ден қойып зерттеу қажет деген ойды білдіреді. Жапон халқының қайраткері Ибука Масару өз еліндегі дәл осындай қасіретті оқиғадан соң, мәселені себебін іздеуде ойланып-толғана келіп, бала тәрбиесі туралы әлемге әйгілі еңбегін жазды (Masaru Ibuka, 2011) [4]. Г.Петровтың «Ақ лала гүлдер өлкесі – Финляндия» атты еңбегінде бір халықтың рухани оянуы жайлы немесе әбден құлдырауға түскен мемлекеттің деңгейін тәрбие арқылы көтерудің жолын көрсетеді (Petrov Grigory 1923) [5]. Қазір фин елі – білім сапасы жөнінен алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі. Білімнің сапалы болуына тәрбиенің дұрыс жолға қойылғандығынан деп айтуға болады.

Зерттеудің нәтижесінде ескеруге тиісті мәселелер: Қаңтар көтерілісі түрткі болған жаңа Қазақстан жағдайында жаңғыруы, өзгеруі тиіс нәрселер көп болғанымен, біз үшін жақсы бағытқа өзгерген қоғамның азаматтарын тәрбиелеу – кезек күттірмейтін іс. Қай заманда да солай болған. Заманына қоғамы сай, қоғамына адамы сай болуы ғылым тарапынан зерттеліп, жаңа ұсыныстар берілуі тиіс.

Әдебиеттерге шолу

Жаңа қоғамның азаматтарын тәрбиелеу – мәдениеттің басты компоненті ретінде қарастырылып, оның түрлі аспектілері жөнінде зерттеліп, ғылыми еңбектер жарияланған. Қоғам мүшелерін тәрбиелеу, құндылықтарға негіздей отырып, жастар мәдениетін қалыптастыру

мәселесін зерттеудің теориялық, тұжырымдамалық негіздеріне Платон, Аристотель сияқты ғұламалармен қатар, Дж.Локк, Ж-Ж. Руссо, Г.В.Ф. Гегель, К.Маркс, Ф.Энгельс, М.Вебер, Э.Дюркгейм, К.Ясперс, Э.Фромм, В.В. Розанов, Н.А. Бердяев, И.А. Ильин, В.В. Зеньковский, К.Леви-Строс, А.Д. Тойнби, О. Шпенглер, У.Джемс, А.Маслоу, Ф.Фукуяма, В.Франкл, эл-Фараби, Ж.Баласағұни, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, т.б. қоғамдық және рухани дамуды жан-жақты қарастырған философ, тарихшы, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар, педагогтар мен психологтардың еңбектерін басшылыққа алуға болады.

Кезінде тіл туралы тағылымнан бастап, оқу-тәрбиенің әдістемесі ұсынған (Байтұрсынов, 1991) [6], алғаш қазақ тілінде «Педагогика» оқулығын жазған (Жұмабаев, 1992) [7], психология ғылымы туралы төл тілімізде еңбек жазып ұсынған (Аймауытов, 1995) [8] сияқты т.б. Алаш қайраткерлерінің жастарды кәсіби даярлай жүріп, ұлтының азаматы болуға бағыттаған педагогикалық, психологиялық еңбектері болды.

Еліміздегі болашағы – жастарының бойында қазақ халқының ұлттық құндылықтары арқылы қазақстандық мәдениет құндылықтарын қалыптастырудың алғышарттарына бүгінгі ғалымдарымыздың да көптеген еңбектерін басшылыққа алуға болады. Философиялық тұрғыдан ұлттануды ұғындырған (Айталы, 2003) [9], қазақ халқы философиясының тарихын зерделеген (Сегізбаев, 2001) [10], ұлттық философияны тәрбиемен байланыстыра білген (Молдабеков, 2015) [11], бүгінгі қазақ қоғамының болашағы мен жаһандық даму мәселесін (Нысанбаев, 2002) [12], ұлттың рухани құндылықтары жөнінде (Нұрмұратов, 2000) [13], т.б. ұлтымыздың танып-білу, қазақ халқы философиясы, жаһандану жағдайында ұлтты және ұлттық мәдениетті сақтаудың мүмкіндіктерін қарастырды.

Қазақ жастарының саяси мәдениеті мен социологиясы және олардың әлеуметтенуі жөнінде зерттеуші-ғалымдардың (Айдарбекова, 2008) [14], (Әуелғазина, 2007) [15], (Абдрайымова, 2008) [16], т.б. еңбектері бар. Сондай-ақ, ұлттық дәстүрлер мен отансүйгіштік тәрбие, патриоттық тәрбие, көпмәдениеттілік мәселесін зерттеп жүрген (Иманбаева, 2007) [17], (Жұматаева, 2007) [18], (Дүйсенбаев, 2006) [19], (Джанাবেкова, 2010) [20], (Сайдахметова, 2002) [21], (Юнусова, 2010) [22], т.б. ғалымдарымыздың еңбектері ескеруге тұрарлық. Қазақ жастарына тәрбие беруді әртүрлі қырынан зерттеген отандық

ғалымдар: ұрпақ тәрбиесін құрсақтан бастауды негіздеген (Ғаббасов, 1995) [23], ұлттық тәрбие беруге кәсіби даярлау жөнінде (Бөлеев, 2004) [24], Қазақстан халықтарының этнопедагогикасы мен көпмәдени тәрбие мен білім хақында (Қожахметова, 2001) [25], жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселесін (Қоңырбаева, 2008) [26], т.б. айтсақ, қазақ халқының қыз бала тәрбиесін (Алдамбергенова, 2009) [27], (Сарыбекова, 2004) [28] зерттеп, этнопедагогикалық тұрғыдан да келелі зерттеулер жасады.

Қазақтың ұлттық білімінің теориялық-әдіснамалық негізін, ғылыми-тұжырымдамалық ұстанымдары мен парадигмалық моделдерін, даму процесін анықтап, қоғамымыздың басты бағытына қарай бұру – білім жүйесінің бүгінгі мен болашақтағы ісі. Осыған орай, еліміздің білім саласына қатысты ірі мемлекеттік көлемде жасалған қадамдар заманауи қазақстандық мәдениет негізінде рухани құндылығы қалыптасқан кәсіби мәнді тұлғасын жетілдірудің өзекті екендігін дәлелдейді.

Еліміз егемендік алғалы 30 жылдан бері білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үдерісінде жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет пен патриотизм біршама оқу бағдарламалары аясында қарастырылып, жастар тәрбиесіне қатысты педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары да жүргізілді. Алайда, аталмыш тақырыпқа қатысты дамыған, ұлттық құндылықтарын мәдениет деңгейінде насихаттайтын елдердің жастар тәрбиесіне салыстырмалы зерттеу жүргізіп, тірек болар негізгі идеяларын іріктеудің күрмеуін табу қиындап келеді.

Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. БҰҰ Мыңжылдық даму бағдарламасында негізгі шешуші фактор ретінде жастар және олардың қалыпты өмір сүру мәдениеті, денсаулығы, тиімді еңбек етуі секілді мәселелер қозғалған. Жастар тәрбиесі, жастарға құндылықтарға негізделген заманауи тәрбие берудің түрлі бағыттары, жастарды әлеуметтендіру мәселесі әлемнің дамыған елдері мен бізбен тығыз байланыстағы мемлекеттер арасында да белгілі бір дәрежеде зерттелген. Жастар саясаты мен тәрбие тұжырымдамалары арқылы тәрбиеде басшылыққа алатын бірнеше ғылым аясында зерделенгендігінен байқауға болады.

Қырғызстан Республикасы оқушы жастарын әлеуметтендіру мәселесін зерттеп-зерделеген еңбектерде өзімізбен туыс қырғыз халқы жастарының өмірге бейімделуі мен

тәрбиелілігі қарастырылады (Matkarimov, 2010) [29]. Украина мемлекетінің заманауи дамуын талап еткен жастардың ұлттық-патриоттық тәрбиесіне бағытталған іс-шаралар жүйесі үкімет билігі тарапынан ерекше ескеріліп, арнайы тұжырымдамалар аясында жастар мен балалардың тәрбиесі «Украина патриоты» болатын тәуелсіз, демократиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ұлттық абыройына лайық өзінің азаматтық құқығын білетін және орындайтын, қоғамға азаматтық тұрғыдан ықпал ететін, бәсекеге қабілетті, қоғамда өзін азамат, отбасының иесі, кәсіби жетілген маман, украин ұлттық мәдениетінің мұрагері ретінде өзін мейлінше жүзеге асыра алатын тұлғалар қалыптастырудан тұратындығы нақты көрсетілген (<https://pikabu.ru>) [30]. Белгілі бір дәрежеде бұл елдің де тәжірибесін зерделеп өткен дұрыс саналады.

Жаһандық өзгеріс жағдайында жаңа толқын жастардың мәселелерін арнайы зерттеу нысанына айналдырған Ресей елінің ғалымдары қоғамның демократиялық жаңғыруына орай толыққұқықты және толыққанды субъектісі ретінде жастарды әлеуметтендірудің моделін оңтайландыруды қолға алды. Жастардың мәдени-әлеуметтік қалыптасуының моделін жасауда И.М. Ильинский, П.И. Бабочкин, В.В. Караковский, Е.В. Бондаревская, О.С. Газман, В.М. Коротов, А.В. Мудрик, З.А. Малькова, М.К. Селезнева және т.б. ғылымның әр қырынан үлес қосты (Селезнева, 2007) [31].

Орыс ғалымдары жастарды әлеуметтендірудің ерекшеліктерін жан-жақты аша отырып, отбасы мен білім беру жүйесінің жастар тәрбиесіне ықпалды әлеуметтік институт ретіндегі артықшылықтарын баса көрсетеді (Бабочкин, 2000) [32]. Ресейде жастар тәрбиесіне негіз болатын жастар саясатын дамытудың артықшылығы жастар ісіне жауапты Еуропа-лар Кеңесі мен Еуропалық Одақтың еуропалық институттарының құрылымдары және ұлттық жастар ұйымдарымен үздіксіз байланыстағы әріптестік тәжірибелерінің болуымен сипатталады.

Жастар ісі мен тәрбиесіне қатысты БҰҰ өткен ғасырдың 60-80 жылдары жастар саясатын дамытуда жаңа ұстанымдарды негіздейтін толық құжаттар қабылдап, үлкен рөл атқарды. БҰҰ 1985 жылы Халықаралық жастар жылы деп жариялады. 1995 жылы жастарға қатысты Бүкіләлемдік бағдарлама қабылданды, 1998 жылы Жастар ісі бойынша министрлердің

бүкіләлемдік конференциясында Жастар саясаты жөнінде Лиссабон декларациясы қабылданды. Еуропалық елдердің басым көпшілігі мен АҚШ пен Жапонияда қабылданған «Жастар» ұғымы мен заманауи жас мөлшері 13-14 пен 29-30 аралығы болып белгіленді. Бұл құжаттардың халықаралық маңыздылығы ұлттық жастар саясаты мен еуропалық жастар саясатының тәрбиеге қатыстылығы айқын көрініс береді. Жастар мәдениетіне негіз болатын жастар саясаты жолға қоюда Германия мен Францияның, Ұлыбритания мен Швеция елдерінің өзіндік ерекшеліктері мен тәжірибелері бар (Kanunikov, 2011:19-22) [33]. Әлем көзін тігіп отырған еуропалық елдердің жастар тәрбиесі жөніндегі тәжірибесінен құнды дүниелер алуға болады деген ойдамыз.

Көптеген елдерді қолдайтын Еуропалық комиссия, 47 ел қатысатын Еуропалық Кеңес, БҰҰ, Бүкіләлемдік Банк сияқты халықаралық ұйымдар Түркия елінің жастарына да тікелей ықпалды. Сондай-ақ, жастар жұмысын институттандыру да ерекше рөл атқарады (UNDP, 2008) [34]. Жастар мәселесіне қатысты идеяларын салыстырып көруге тұрады екен.

Түркия жастарымен жұмыстарды ұйымдастыру жүйесіне 2014–2020 жылдарға арналған «Эразмус Плюс» бағдарламасы да жастар тәрбиесі мен мәдениетіне ықпалды деп айтуымызға негіз бар. Білім беру саласындағы жастардың жасы мен деңгейіне қарамастан, тұлғалық сапалары мен қабілетін дамыту, оларды жұмысқа тартудың мүмкіндіктерін кеңейту, т.с.с. (білім мен тәрбие, спорт) бірнеше бағытты қамтиды.

Түркияда 2011 жылы ашылған Жастар ісі мен спорт бойынша Бас басқарма қазіргі жастар саясатын жүзеге асыра отырып, оларға қатысты барлық мүмкіндіктерді жан-жақты мемлекеттік тұрғыдан зерттеп-зерделеудің теориялық және практикалық мүмкіндіктерін реттеп отырады (Dilekchi, 2014: 97-111) [35]. «Түркия жастарының әлеуметтануы» аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген ғалымдар еңбектерінде: жастар мәселесі, білім алу мен отбасын құру, жастардың өмірлік жоспары мен құндылықтары жөнінде маңызды қолданбалы ғылыми мағлұматтар бар (Pultar, 2008) [36].

Мәдениеті мен ұрпақ тәрбиесі жөнінде әлем назарын өздеріне аударатын елдің бірі – Жапония. Бұл елдің арнайы білім туралы негізгі заңын (Кёйку кнхон хо) Монбугакусё, Жапонияның ағарту және ғылым министрлігінің ресми сай-

тында (<http://mvw.mext.go.jp>) [29] мемлекеттің жан-жақты жетістіктерге жетуінің кепілі – дәстүрлі патриоттық тәрбие мен ұлттық өзіндік сананың сақталуы туралы ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар қарастырылған.

Жаһандану жапон ұлтының біртұтас, ұлттық өзіндік санасында көрініс беретін жапондық тұлғаға айналуына рухани, мәдени және психологиялық тұрғыдан маңызды саналады. Бұл үдерістер жапон билігін өмірдің барлық саласындағы табыстары мен жетістіктеріне және халықтың ұлттық өзіндік санасын күшейтуге моральдық-патриоттық тәрбиеге аса көңіл бөлуге ықпал етеді (Yoshinitsu, 1998) [37].

Жапония – ежелден отбасында, қоғамда, бастысы мектептерде басшылыққа алына-тын моральдық, ұлттық мәдениетке бай ел. Моральдық-патриоттық тәрбие жапон ұлтының ұлттық мінез сипатымен байланысты, ал ұлттық мінез заманауи жапон қоғамында патриоттық рух қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Отанға деген махаббат, тарихқа деген құрмет, дәстүрлер мен моральдық-патриоттық тәрбие – ұлтының басты сипаты.

Қазіргі заманда да заманауи мәдениетті ұлттық құндылықтарымен қоса негіздеген, жастарын өз елінің мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға өткені барынша күш салатын, соны талап ететіндігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, ұлтжандылық пен патриотизмнің, дәстүрлер мен мәдениетті нақты анықтай отырып, оны ұрпақ тәрбиесіне негіз етуі жақсы жолға қойылған (Plyukshita, 2009) [38].

Егер де осындай осы дамыған елдердің жастарды тәрбиелеудегі ғылыми-практикалық тәжірибесін зерттеп-зерделеу арқылы жаңа Қазақстанды рухани жаңғырту жағдайында жастардың бойында қазақстандық патриотизмге деген құндылық бағдарын қалыптастыруда пайымдаулар жасауға мүмкіндіктер береді.

Бізде білім беру саласын реформалау барысында түрлі іргелі және қолданбалы ғылыми жобалары бойынша зерттеу жұмыстары өте көп жүреді. Ал тәрбие мәселесі Болон процесіне енген мемлекеттердің ішінде біздің елімізде ерекше қарастырылған деп қанша айтқанымызбен, тәрбие бағытында зерттелген ғылыми жобалар өте аз деп айтуға болады.

2003 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Тәрбие мәселелері институтында «Мектеп оқушысының әлеуметтік бейнесі» (Құсайынов, 2004) [39] атты әлеуметтік педагогикалық зерттеу жұмысына қатысу ба-

рысында біз мектеп оқушыларымен күнде араласып жүріп, қанша білеміз десек те өзіміз таңғалатындай мәліметтерге жолыққан едік. Одан бері де 20 жылдай уақыт өтті.

Мемлекетіміздің жаңа саяси курсы жасауға түрткі болған «Жаңа Қазақстанды» жаңғырту идеясынан туындаған жаңа бағыттар халқымыздың этномәдени құндылықтарын қастерлеп, өмір салтына айналдыра алатын, білім мен тәрбиенің негізгі бастауын ұлттық мазмұнда тағылым алған жастардың патриотизмін қазақстандық мәдениет болмысымен тұтас қарастыруды талап етеді.

Қоғамдағы барлық жайттың жастардың өміріне қатысты екенін ескере отырып, этномәдени құндылықтар мәселесі еліміздің әлеуметтік саяси талаптарынан туындайтыны айғақ. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Балалар құқықтары», «Білім» туралы», «Неке және отбасы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері», Азаматтардың денсаулығын сақтау, «АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу», «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу», туралы заңдарын, Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы мен 2020 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасын негізге ала қарастырылады.

Еліміздің Мемлекеттік жастар саясаты туралы 2015 жылғы 9 ақпандағы заңында атап көрсетілгендей, жастар – Қазақстан Республикасының 14-29 жасқа дейінгі азаматтары. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби даярлығы және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау екендігін ескерсек, Жаңа Қазақстанды жаңғырту жағдайында жастардың бойында қазақстандық патриотизмге құндылық бағдарын қалыптастыру мәселелерін жан-жақты қарап, зерттеудің ұлттық маңыздылығы айқын.

Қазақстандық патриотизм – қазақстандық мәдениеттің басты компоненті. Қазір біз өмір сүріп отырған қоғамда тек қара басын ойлайтын менмендік, жалғызбастылық, немқұрайлылық, материалдық құндылықтарға басым мақсат қоюшылық сияқты қасиеттер мен әрекеттердің бар екендігі де рас. Шетелде білім алу ғана емес, сонда өмір сүруге мүмкіндік беретін материалдық факторлар көп жағдайда антипатриотизмге апарып соғуда. Руханилық пен материалдықтың нәзік шекарасын қалай таба-

мыз? Әрбір қоғам мүшесі болатын жас патриотизм – өз Отаныңның бүгінгі мен болашағына әрбір сөзіңмен де, ісіңмен үлес қосу қажеттілігін білу.

Қазақстандық ұлтжандылық – Аталған сапаның қалыптасуы білім алушылардың Отанын жақсы көрумен, оның табыстары мен жетістіктеріне риза болумен, көрнекті тарихи тұлғалардың атақ-даңқтарымен, өз ауылына, қаласына, өңіріне, оның мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, елдің тарихына құрметпен қарауға, оның өркендеуі мен әл-ауқатының жақсаруына байланысты еңбек етуге, конституциялық міндеттерді орындауға, қоғамның әлеуметтік жауапты мүшесі болуға тиіс.

Еліміздегі 2009 жылдан бергі Тәрбие тұжырымдамалары мен Тәрбиенің тәжірибелік негіздерін басшылыққа ала ұсынылған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» тәрбиенің төмендегіше 8 бағытты ұсынады:

- жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу;
- рухани-танымдық тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- отбасылық тәрбие;
- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

«Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу» бағытының мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды да эмоционалды қатынасы, мемлекет пен қоғамның заңдарын ұғыну және сақтау, саяси-құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздықтарға қарсы тұру, білім алушыны өз ортасындағы зорлық-зомбылық түрлеріне қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Қамтамасыз ету жолдары: бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруда Біртұтас Ұлттың жауапты Тұлғаға назар аудара отырып жастар қозғалысын қайта форматтау; қоғамның әртүрлі салаларында белсенді көрініс арқылы азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу; балалар бастамаларына қолдау көрсету арқылы көшбасшылықты қолдау; азаматтық белсенділікті және кіші Отан тағдыры үшін жауапты сезімді күшейту.

Бағалау критерийлері:

- Отанға, мемлекеттік жүйе, мемлекеттік саясат, мемлекеттік идеология, ҚР Конституциясы мен заңдары, мемлекеттік рәміздері (елтаңба, ту, әнұраны), заң және тәртіпке;
- ұлтаралық және конфессияаралық келісім, елдегі достық;
- экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы өз елінің жетістіктері;
- басқа адамның құндылықтары, құқықтары мен бостандықтары;
- өздерінің аймағының (ауыл, қала, маңайдағы) табиғаты, мәдени және тарихи өмірі;
- құқықтық білім және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет;
- заңдардың, құқықтардың және міндеттердің талаптары;
- әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш пен жауапкершілік сезімін байыту (<https://miras.edu.kz>, 2019) [41].

Білім беру саласында қалыптасатын қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру ұлттық құндылықтарға негізделуі керек. Ал тәрбиеге негіз болар ұлттық құндылық мызғымас тұғыр болуы шарт. Ол заңмен бекіп, ойға жатталып, сөзіміз бен ісімізден көрініс табуы тиіс.

Нәтиже мен тұжырымдар

Жалпы, қаңтардағы оқиғаның соңы түрлі зардаптарға соққанын естіп те көріп жатырмыз. Осы оқиғаның себебінен жазықсыз жандардың опат болуы – отбасының ғана қайғысы емес, мемлекет үшін де орны толмас өкініш. Қызмет бабында қайтыс болған әскерилер мен тәртіп сақтау қызметкерлерінің аты-жөні аталып, митингіге қатысқан халық тарапынан қаза тапқандардың аты-жөнінің аталмауына БАҚ пен әлеуметтік желілерде әділетсіздік деп баға берілуде.

Бүлікшілік пен тонаушылыққа қатысты деген күмәнмен адамдардың оның ішінде шерушіл жастардың жаппай ұсталып, ұрып-соғу, күштеп мойындату деген қатыгездікке тап болуы – қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күрес, халық пен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мамандардың кәсіби қызметі барысында өрескел қателіктері елдегі саяси тұрақтылыққа нұқсан келтіруде.

Бейбітшілік – жалпы адамзат үшін басты құндылық. Ол халықтың көңіліндегі тыныштық және жайлылықпен сипатталады. Көптеген құқық қорғау мамандары жазықсыз айыпталудан,

өтірік мойындатуларға жол бермеуге қатысты жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұл еліміздегі бейбіт ахуал орнатуға жасалып жатқан қамқорлық деп түсінуге болады.

Жоғарыда көрсетілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде де Адам, Отбасы, Еңбек, Мәдениет, Отан, Жер, Бейбітшілік атты құндылықтар көрсетілген (<https://miras.edu.kz>, 2019) [40].

Адам қажеттілігінің басты деңгейі құндылықтарды тану және оларды қабылдау болып саналады. Құндылықтарды тану арқылы адамның әлеуметтік мәдениетін көрсететін іс-әрекеті қалыптасады. Адам іс-әрекетіне яғни, мәдениетіне түрткі болатын – қажеттілік пен мүдделілік. Құндылықтар өмір сүру қажеттігіне орай: жалпыадамзаттық, әлеуметтік, рухани, этникалық болып бөлінеді.

Ресейлік ғалым Н.Д. Никандров «Құндылықтар – тәрбие мақсатының негізі» деген мақаласында «Құндылықтар өмірде халықтың менталитетінде қалыптасқан ережелерді есепке алады. Құндылықтардың өзгеруі тәрбие мақсатының өзгеруіне әсер етеді» деген (Никандров, 1998: 3-10) [41]. Шындығында, тәрбие мен құндылықтар тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да халықтың ділі (менталитеті) осы негізде қалыптасады.

Ұлтқа қатысты тәрбиені айтқанда ұлттық құндылықтарды тілге тиек етеміз. Ал, ұлттық құндылықтар жөнінде айтар болсақ, тәрбиемен қорытындылаймыз. Бұл егіз ұғым тәрізді. Себебі, құндылықтың құнын ұғындыруда тәрбие құралын айналып өте алмаймыз. Демек, бұл қазақ халқының ұрпағын тәрбиелеуге негіз болатын ұлттық мәдениеттің тірегі. Бұл жөнінде ұғымның ғылыми тұрғыда ашылған анықтамаларына да сүйенеміз.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлер, т.с.с деген мағыналы түсінік беріліп, біздің жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі (Яценко, 1999) [42].


Ұлттық құндылықтар – қауіпсіздігі сақталған және үдерісті дамыған қоғам мен мемлекеттің, тұлғаның сұраныстарын қанағаттандырушы нәрсе немесе құбылыс және оның қасиеттері, олай болса, жаһандану заманында қазақ елінің дербес қалпын көрсететін тұлғалар тәрбиелеуіміздің қажеттігі айқындала түспек (Прохожев, 1977: 17) [43]. Олай болса, Қазақстан сияқты унитарлы мемлекеттің негізін құраушы қазақ халқының ұлттық құндылықтары нені құрайды, қалай жіктеледі деген сұраққа төмендегіше кестемен жауап береміз.

1-кесте – Ұлттық құндылықтар жіктелімі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР					
Тіл	Діл	Дін	Өнер	Тарих	Отан
Байланыс, Қарым-қатынас, Ана тілі.	Салт-дәстүр, Әдет-ғұрып, Ырым-тыйым, Мораль	Аллаһ, Пайғамбар, Құран, Хадис, Парыз, Сүннет, Обал, Сауап, Жұмақ	Музыка, Шешендік, Кескіндеу, Сәулет, Бейнелеу, Қолданбалы қол өнері: Ұсталық, Шеберлік, Ісмерлік	Тарихи кезеңдер, Тарихи тұлғалар, Тарихи орындар, Тарихи оқиғалар, Зандар.	Туған жер, Өскен ел, Атамекен, Атажұрт, Ауыл, Жер-су.

Жалпы, ұлттық құндылықтардың жалпыадамзаттық құндылықтардан шығатынын ескерсек, әр ұлттың тілі мен діні, ділі, өнері мен тарихы, орналасқан жері – Отаны деген ұғымдар арқылы тұжырымдамадағы «қазақстандық

патриотизм» ұғымының толық мазмұнын байи түспек. Әрине, төмендегі кестеде біз құндылықтардың құнсыздануын «қазақстандық патриотизм» ұғымына қатысты құндылықтарды тереңірек қарастырдық.



1-сурет – Құндылыққа негізделген тәрбиенің талдану жүйесі

2008 жылдан бастап 90-нан астам елде құндылықтарды талдауды қамтамасыз ететін «Әлемдік құндылықтарға шолу» (World Values Survey) ашық қолжетімді ғылыми-зерттеу базасы бойынша Рональд Инглхарт пен Кристиан Вельцельдің құндылықтарын талдау әдістерін зерделеу де осы тақырып барысында маңызды екенін аңғардық (Inglehart, Welzel, 2011) [44].

Негізі бұрын да «ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін құндылықтарды қалыптастыруда қолдану» туралы мақаламызда қарастырған едік (Zhumadullaeva, Konyrbaeva, 2016: 1231-1243) [45].

Жастарға отбасынан, балабақшадан, мектептен, арнайы оқу орындары: колледж, ЖОО-нан берілген білім мен тәрбие неліктен

теріс көрсеткіштер көрсетті. Не себептен жастарымыз содырлардың ықпалына ерді және азаматтық ұстаным сыналар тұста осалдық танытты?! «Отанды сүю – иманнан», «жақыныңа жанашыр бол», «туған жердің әр тасын аяла», «көкті жұлма», «суды лайлама» деген тыйымдар арқылы мәдениеті қалыптасқан ұлт ұрпағы алдында қандай құндылықтарды құнсыздандырып алды?! Мұның салдары қандай болмақ, қандай тұжырым арқылы тәрбиені қалпына келтіруге немесе заманына сай құндылыққа негізделген тәрбие берудің бағыттарын қалай ұсынуға болады деген сұрақтар арқылы талдай отырып, жүйелей қарастырдық (1-сурет). Ал оны нақтырақ талдауымызды кестеге түсіргенді жөн көрдік (2-кесте).

2-кесте – Құндылықтардың өзгеру себептері мен салдары

құндылықтар	құнсыздану	Себебі	салдары
Ана тілі	қазақ тілінің беделінің түсуі	- мемлекеттік тіл саясатының солқылдақтығы.	- басқа тілдің беделін мойындау, тәуелділік; - қазақ тілінен гөрі орыс, ағылшын тіліне басымдық берілуі; - қазақ тілінде сөйлеуді парызым деп санамау; - балаларын орыс мектептеріне беру, т.б.
Діл	ұлтының менталитетін терістеушілік	дамыған елдердің өмір салтына еліктеушілік.	- нигилист, маргинал, космополиттер, көзқамандар мен мәңгірттердің шығуы; - мемлекеттің болашағына сенімінің болмауы. - феминизм, ЛГБТ топтарының қатарын көбейтушілер, т.б.
Дін	дәстүрлі дінді терістеушілік	- сенім бостандығы арқылы діндегі қауіпті ағымдар мен секталардың елімізде тіркелуі.	- уахаби, сәләфи ағымдарға халықтың жаппай тартылуы; - басқа дінге, секталарға бөліну; - радикалды ұйымдардың ықпалына еру; - атеизмді жақтаушылық: имансыздық, құдайдан қорықпаушылық, т.б.

Отан	әскерге барудан бас тарту	- Отан қорғаудың формасы өзгерген; - босқа уақыт өлтіру; - әділетсіздік пен күш көрсету; - саяси мәдениеттің төмендігі;	- әскерден қашатын жастар; - Отан деген билік деп түсінушілік; - Отан қорғаудан гөрі жеке басын қорғауды артық көрушілердің көптігі; - қазақстандық патриотизм бағыты білім беру мекемелерінің тәрбиелік шараларымен шектеледі, т.б.
Туған жер	урбанизация-лану немесе елден басқа жерге қоныс аудару	- адам құқығының тапталуы, ауыл шаруашылығының жаппай қысқаруы, жекешелендіру, жұмыс орындарының сатылуы, т.б.	- елден өз орнын таба алмай, елден кету; - әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздіктен қашу; - басқа елде өзін сенімді сезіну; - болашағын өз елімен байланыстыра алмаушылық.
Табиғи жер байлығы	қадірлемеу, түсінбеу	- жер байлығының жекелеген тұлғалар-дың қолына өтуі.	- табиғи байлықтан халықтың үлес алмауы; - еңбекақының дұрыс төленбеуі; - кедейшілік, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, - қаншама бала кедей отбасында өсіп келеді, т.б.
Әділет	конституциялық құқықтың сақталмауы, заңды сыйламаушылық, жемқорлық-тың орын алуы	- әділеттіліктің жолы қиын: жағымпаздық, тамыр-таныстық, парамен мақсатқа тез қолжеткізу.	- тәртіп сақтау қызметкерлерінің өзінің ұрып-соғып болмаған істі мойындататындығы; - мамандардың антына адал болмауы; - пайдакүнемдік, тойымсыздық, жұмыссыздық, кедейшілік, жалған статистика, т.б. - шындық айтудан қорқатын «тұлғалар» мен қоғам мүшелері, т.б.
Тәрбие	мәдениеттің төменгі деңгейі	- отбасы тәрбиесінің әлсіреуі; - ата-ананың рөлін ақылы қызметтің ауыстыруы; - тәрбиеліліктің өлшен-беуі, адам сапасының бағаланбауы, т.б. - тәрбиедегі кемшілік себебін сырттан іздеу.	- тәрбие талаптарын, ұлттық менталитет пен психологияны терістеушілік; - тұлға қалыптастырудағы қателіктерге түзетулер жасалмауы; - балалар құқығы мәселесінің керексіз талап етілуі; - жыныстық тәрбиенің берілмеуінен бағдарының өзгеруі; - жігіттер нағыз ер-азаматтарға лайық қасиеттерін жоғалтып барады; - жастардың тұрмыс құруға асықпауы, т.б.
Білім	баюу культіне басымдылық берілуі	- алған білімді өмірлік жағдаяттарға қолдана алмау; - реформалардың көбеюі; - ақылы білім алу мүмкіндігі.	- дипломсыз да баюға болады; - білімсіз де өмірлік жетістіктерге жетуге болатындығы, - білімсіз де бақытты өмір сүру мүмкіндігі; - мамандығына сай жұмыс таба алмаушылық;
Денсаулық	денсаулықты қадірлемеу;	- табиғатты және денсаулықты сақтауға жауапкершіліктің азаюы.	- ана құрсағынан ауру болып туылу; - табиғи өнім тұтынбау және дұрыс тамақтанбаушылық; - дене еңбегінің азаюы, семіздік зардаптары; - психиканың ауытқуы, суицидтің көбеюі.
Тарих	тарихты терістеуші-лік	- тарихтан сабақ алмау және тарихтың бұрмалануы.	- тарихи тұлғалардың аз насихатталуы; - тарихтың шынайы зерделенбеуі, т.б.
Өнер	өнердің лайықты бағаланбауы	- ұлттық өнерге аз көңіл бөлу.	- басқа елдің өнерін қайталаушылық; - өнер адамдарының бағаланбауы, т.б.

Бұл кестеде құндылықтар қатарын қазақстандық патриотизмге қатыстылық тұрғысынан санаулы ғана ұсындық. Өйткені, бір мақала аясында түгел талдау мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен, осы көрсетілген құндылықтарға **логикалық талдау** жасай отырып, құндылықтардың қазақ қоғамындағы шынайы көріністері өзгеріске түсуінің себептері мен салдары түзілді.

Құндылықтары өзгерген қоғамнан наразылықтар шығар болса, заңдылық болар. Оқиғаға қатысты **тарихи салыстырмалылық жасайтын** болсақ, осыдан 30 жылдай бұрын тәуелсіздіктің алғашқы жылдары біздің елімізде көптеген қиыншылықтар болды. Күнделікті азық-түлік өнімдері мен қажетті тұтыну заттарын талонмен алу, тұрмыстың қиындығы,

жетіспеушіліктер болса да халық жаппай көтеріліске шығып немесе тонап, елге бүлікшілік жасамаған еді. Дүкендер тұрғындарға қарызға жазып беретін, көршілер қолда барымен бөлісетін. «Ала жіпті аттамау» адалдықтың анты болатын, «бүлінгеннен бүлдіргі алма» дегенді жадында сақтаған ұлт едік. Сондықтан, тәуелсіздіктің басты құндылық екендігін сезінгендіктен де халық қиыншылықтарға көндікті, нарыққа көшкен заман талабына тез бейімделді.

Қазір әлеуметтік жағдай біршама жақсарғанымен, саясаттағы, идеологиядағы қателіктер ауытқушылыққа түрткі болды, параллелдік бұзылды. Әділеттілік әділетсіздікке, дұрыс бұрысқа, жақсылық жамандыққа ойыса бастаса – дәлдіктің, нақтылықтың, яғни құндылықтың өзгере бастағандығының кепілі.

Қазіргі жастарды бұрынғылармен салыстырудың **қисыны** келмейді. «Заманы басқаның – амалы басқа» дегендей, жаһаннан хабардар, өркениеттің ғылыми-инновациялық жетістігін пайдаланып отырған ХХІ ғасырдың өкілдері заманауи еркін тәрбиенің ықпалымен:

- тұлға болып танылуға тырысады;
- лидерлікке ұмтылады;
- бәсекелестікке бейім;
- жетістікке тез жеткісі келеді;
- кәсіпкер, бай, миллионер болғысы келеді;
- күш жұмсайтын дене еңбегінен гөрі ептілікті бағалайды;
- рақат өмірге ұмтылады;
- мықтылардың тәжірибесін қайталағысы келеді, т.б.

Осындай мақсаттар барысында талап пен қажеттіліктердің кері байланыста сәйкессіздігі

олардың ішкі қарсылығын ғана тудырып қоймайды, салыстырмалық тұрғысынан жалпы өздері өмір сүріп отырған қоғамға деген ашық қарсылығын туындатады. Олар мектеп жасынан да түрлі сәйкессіздіктерге куәгер болуы мүмкін. Қазақстан – жер көлемі жағынан да, байлығы жағынан да мақтануға тұрарлық мемлекет деген анықтаманы бастауыш сыныптан айтып өскен жастарға білім мен еңбектің дұрыс бағаланбауы, әлеуметтік теңсіздік, жемқорлық пен әділетсіздік таудай қиындық болып, оларды сенімсіздік пен үмітсіздікке жетелейді.

Қалай дегенмен де осы елге ие болатын жастарды тәрбиелеуіміз керек. Өзіміз дәріс беретін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттерінің негізін қазақ жастары құрайтындықтан, олардың бұл мәселеге деген көзқарасы мен пікірлерін басшылыққа алғымыз келді. Алматыда болған қаңтар оқиғасы кезінде олардың көбі қалада болмады десек те олар бұл мәселеге бей-жай қарамағандығын төмендегі сауалнама нәтижесінде көз жеткіздік.

«Қаңтар оқиғасы жастар көзімен» атты сауалнаманың (3-кестеде) негізгі мақсаты: жастардың қазақстандық патриотизм тұрғысынан болған оқиғаға деген құндылық бағдарлы көзқарастары арқылы талдау. Сауалнама университеттің Философия және саясаттану факультеті студенттерінің «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1-3 курс студенттеріне жүргізілді. Болашақ білім беру саласының мамандары ретінде адам тәрбиесіне кәсібилік ұстанымы қалыптасатын әрекеттерден студенттер бастартпайды. Қатысқан студенттер саны – 63.

3-кесте – «Қаңтар оқиғасы жастар көзімен» атты сауалнама нәтижесі

№	сұрақтары	жауаптары			
		иә	жоқ	кейде	өз ойыңыз
1	Өзіңізді Қазақстанның бір бөлшегімін деп санай аласыз ба?	иә	жоқ	кейде	өз ойыңыз
		63	-	-	-
2	Болашағыңызды осы елмен байланыстырасыз ба?	иә	жоқ	кейде	өз ойыңыз
		63	-	-	-
3	Өткен «қаңтар оқиғасына» достарыңыз немесе таныстарыңыз қатысты ма?	иә	жоқ	білмеймін	
		-	51	12	-
4	Митингіге қатысқан жастарды қалай атауға болады?	патриоттар	кездейсоқ адамдар	бүлікшілер	өз ойыңыз
		33	7	12	11

№	сұрақтары	жауаптары			
		иә	мүмкін	жоқ, жастар ондай іске бармайды	өз ойыңыз
5	Тонау мен бүлікшілдікке қатысқандар ішінде жастар болуы мүмкін бе?	иә	мүмкін	жоқ, жастар ондай іске бармайды	өз ойыңыз
		18	25	8	12
6	Еліміздегі жастар тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?	иә	жоқ	кемшіліктер бар	өз ойыңыз
		11	8	44	-
7	«Қаңтар оқиғасындағы» жастар әрекетіне қандай баға бересіз?	ел болашағына жана-нашырлар	қатар көбейтушілер	ашыққан жастар	өз ойыңыз
		26	20	17	-
8	Жастар тәрбиесін қайта қарау керек пе?	иә, жаңаша қарастыру керек	жоқ, жастарға жала жабылуда	ғалымдар шешуі тиіс	өз ойыңыз
		31	11	20	1
9	Бұл оқиғаға қандай атау берген жөн?	«Қанды қаңтар»	«Қаңтар қасіреті»	«Қаңтар трагедиясы»	өз ойыңыз
		20	23	13	7
10	Осы оқиға бойынша не нәрсеге алаңдайсыздар?	(Еркін түрде ойыңызды жазыңыз)			
		32			

Студенттердің ішінде шетелдік азаматтар болса да «Өзіңізді Қазақстанның бір бөлшегімін деп санай аласыз ба?», «Болашағыңызды осы елмен байланыстырасыз ба?» деген сұрақтарға 100% «Иә» деп жауап бергені көңілге сенім ұялатты. Мұның нақты немесе нақты емес себептері де болуы мүмкін.

«Өткен «қаңтар оқиғасына» достарыңыз немесе таныстарыңыз қатысты ма?» деген сұраққа «иә» деген сұрақтан жаппай бастартуы көңілге күмән ұялатты. Студенттер егер «иә» деп жауап берсем, тағы олар туралы сұралып жауап берермін деп қорықты ма деген ой туды. «Жоқ» деп кесіп айтқан 51 студент туралы да, «Білмеймін» деген 12 студенттің сақтануы болуы да мүмкін.

«Митингіге қатысқан жастарды қалай атауға болады?» деген сауалдың жауабы шынайылыққа жақындайды: «патриоттар» – 33, «кездейсоқ адамдар» – 7, «бүлікшілер» – 12 студенттің жауап беруі соны аңғартады. Осыған өз ойын білдіргендер: «тұрмыс жағдайы әлсіреген, қарызға батқан халық»; «сонда жастар қатыспауы керек пе еді?»; «жұмыссыздық, пәтер жалдап тұрушы қазақтар»; «жастар қызық көру үшін де баруы мүмкін ғой», т.б. дегенге ұқсас жауаптар берді.

«Тонау мен бүлікшілдікке қатысқандар ішінде жастар болуы мүмкін бе?» деп қойылған сұрағымыз «иә» – 18, «мүмкін» деп – 25, бөлек

жауап бергенімен екі жауаптың мағынасы бірдей. Әрине, ол жерде қарт кісілер болған жоқ. Орта жастағылар мен жастар болды. «Жоқ, жастар ондай іске бармайды» деген 8 студенттің өз замандастарын ондай әрекетке қимайтындықтары байқалды. Осы сұраққа өз ойын жазған пікірлерді топтастыра ұсынсақ: *«Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, осы бүлікшіліктің кесірінен 170-ке жуық бейбіт тұрғынымыздан айырылып қалдық. Әрине, бұл ресми анықталған деректер бойынша ғана. Анықталмай, із-түссіз кеткендері де қаншама?! Қаза болғандардың ішінде басым бөлігі жастар. Еліміздің болашағы – жастардың қолында екенін ескеретін болсақ, бейбіт заманда өз елімізге өзіміз жау болып қалғандаймыз! Неде болса, қаза болған азаматтарымыздың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз!»*; *«Қирату, өртеу, дүкендерге түсуді бастаған жастар емес деп сеніммен айтуға болады. Себебі, олардың қолында ондай бүлдіретін қару болмаған. Сыртқы күштердің, террористер мен экстремистердің ісі екендігі айтылып жатыр»*; *«Ұрлыққа қарулы адамдар түседі»*, т.б. деген пікірлер айтқан.

Студенттердің өз замандастарына деген сыни баға беруін нақтылау туралы іріктелген «Еліміздегі жастар тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?» деген сауалға «иә» деп – 11, «жоқ» деп – 8, «кемшіліктер бар» деп – 44 жауап алуымыз

біздің жоғарыдағы күмәнді ойымызды анықтау мүмкіндігін береді.

«Қаңтар оқиғасындағы» жастар әрекетіне қандай баға бересіз?» деп қойылған сұраққа «ел болашағына жанашырлар» – 26, «қатар көбейтушілер» – 20, «ашыққан жастар» – 17 студент жауап берді. Демек, митингіге шығуға біреулер біреулерді іріктеп шығармайды, әркімнің әртүрлі мақсатта шығуға да құқы бар деген пайымдау жасауға болады.

«Жастар тәрбиесін қайта қарау керек пе?» деген сауалдың «иә, жаңаша қарастыру керек» деген дайын жауабын – 31, «жоқ, жастарға жала жабылуда» деп – 11, «ғалымдар шешуі тиіс» деген ойға – 20 студент қосылады. 1 студент «дамыған елдердің тәрбиесін басшылыққа алып және ұлттық тәрбиені де ұмыттырмау керек» деген пікірде.

«Бұл оқиғаға қандай атау берген жөн?» деген 9-сұраққа «Қанды қаңтар» – 20, «Қаңтар қасіреті» – 23, «Қаңтар трагедиясы» – 13 студенттің қолдауына ие болды. Өз пікірлерінде: «Қасіретті қаңтар», «Қаңтардағы дүрбелең», «Қаралы қаңтар», «Азалы қаңтар», «Жаңа Қазақстан оқиғасы» деген, т.б. атаулармен толықтырылды. Әрине, тарихта бұл әлі іріктеліп ұсынылар, бірақ студенттердің бұл оқиғаға өзіндік баға беру деп қарауға болады.

Сауалнамадағы соңғы 10-сұрақ: «Осы оқиға бойынша не нәрсеге алаңдайсыздар?» деп, еркін түрде пікір білдіру барысында: *«Осы оқиғаға қатысқан жастар болашағы үшін алаңдаймын»; «Елдің тыныштығын, террорлардан сақтануды қалаймын, еліміздің болашағына, жазықсыз жапа шеккендерге, жастардың болашағына алаңдаймын»; «Өз ішімізде соғыс болып кетуден қорқамын. Халық пен билік бір-біріне қарсы болуынан қорқамын. Мықты ел болу үшін екі жақ бір-бірін түсіну керек»; «Елдегі тыныштыққа, осындай жағдайдың қайталанып кетпесіне, тәуелсіздігімізді жоғалтып алмауға және де әскери және құқық қорғау азаматтарының өмірі үшін қатты алаңдаймын»; «Мемлекеттің болашағына алаңдаймын, арандатушылардан тазалау керек. Қазақстанға залалын тигізі ме, болашағымыз бұлыңғыр болмай ма деп алаңдаймын»; «Европарламенттің негізсіз араласуын қаламаймын»; «Бейбіт митингке рұқсат, терроризмге жол жоқ! Жазықсыз кеткен жандардың отбасы үшін алаңдаймын. Бейбіт митинг шаралары қолданылса бұндай қан төгіс болмас па еді. Бейбіт шеруге қатысушыларды қамап қою, күштеп мойын-*

дату, қатыгездік жастарың өміріне қауіп төндіреді, сол үшін алаңдаймын. Әлемге қазақ ұлтының жаман атағын шығару орын алды. Бейбіт заманда барлық мәселені бейбіт түрде шешуге болады»; т.б. көптеген өзіндік пікірлері мен толғаныстарын жазған.

Сауалнамаға қатысқан бұл студент-жастардың еліміздегі оқиғаға қатыспаса да жаны ауыратындығын, саяси ахуалға жастар көзімен қарап саяси мәдениетінің қалыптасу деңгейін көрсетеді.

Қорытынды

Көтерілген мәселені қорыта келе, еліміздегі «Қаңтар оқиғасы» бойынша орын алған элеуметтік қатығыстағы тәртіпсіздік, бүлікшілдік, қарақшылық, қызметін адал атқармау, ең өкініштісі – адам шығыны мен және оның зардаптары арқылы жаппай күйзеліске түсуі арнайы мамандар тарапынан әр қырынан зерттеп-зерделенері айқын. Мемлекеттік басқарудағы әр саладан кеткен кемшіліктер әділетсіздікке орын беріп, құндылықтардың өзгеруі мен жастар тәрбиесінің әлсіреуіне әкеліп соқты. Дәстүрлі құндылық жүйелерінің дағдарысы жағдайында мемлекеттің болашағы жастардың тәрбиесі, және оның негізгі тірегі саналатын қазақстандық патриотизмді қалыптастыру өте өзекті мәселе. Қазақстандық патриотизм – жастар тәрбиесінің құндылық бағдары.

Мақаланың көкейкестілігіне негіз болған қаңтар оқиғасынан кейінгі жастар тәрбиесі туралы талдау жасау арқылы жастар арасында «қазақстандық патриотизм» ұғымының әлсірегенін, тәрбиеге негіз болар құндылықтардың өзгеруі, қоғамның элеуметтік көрінісінің ақтаңдақтарына жалпылама, жекелей, тарихи, логикалық, себеп-салдарлық тұрғыдан арнайы кестеге түсіре талдау жасалды. Осы мәселеде құндылыққа негізделген тәрбиенің талдану жүйесін ұсынып, жаңаша шешудің бағыты қарастырылды. Сонымен қатар қазіргі студент-жастардың осы оқиғаға байланысты және қазақстандық патриотизмге қатысты нақты көзқарастарын анықтау мақсатындағы жүргізілген сауалнама жастардың саяси ахуалға ойларын білдіру мүмкіндігін көрсетті. Сауалнама жауаптарын өңдеу және талдау барысында жастардың өз-өздеріне сыни көзбен қарап, жастар тәрбиесін жанашырлықпен қайта қарау керек деген тұжырым жасауға болады.

Мақала барысындағы талдаулар мен зерттеулерді шолу, төмендегіше ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

- сондықтан да қоғамды жаңғырту жағдайында жастарды патриотизмге тәрбиелеу мақсатында қазақстандық мәдениетке деген құндылық бағдарын қалыптастыру, т.б. жастар тәрбиесіне қатысты басым бағыттар бойынша педагогика және де басқа ғылымдар интеграциясы аясында ғылыми жобалар жазу;

- дамыған елдердің жастар тәрбиесі жөніндегі ғылыми тұжырымдары мен ұстанымдарын зерттеп-зерделей отырып, заманауи қоғамды жаңғырту жағдайында қазақ халқының мәдени құндылықтары арқылы жастардың бойында қазақстандық мәдениет құндылықтарын қалыптастыру үдерісінің ғылыми-педагогикалық және тұжырымдамалық негіздерін жасау;

- еліміздегі жастардың «қазақстандық мәдениет» жөніндегі таным-түсінігін сауалнама, тестілеу және сұхбаттасып-әңгімелесу әдістері бойынша зерттеу, пайымдау арқылы гендерлік ерекшеліктері мен болашақ атқаратын әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдеріне сай, қазақстандық патриотизм құндылықтарын қалыптастырудың тұжырымдамасын және бағдарламаларын жасау;

- жастардың гендерлік ерекшеліктері мен болашақ атқаратын әлеуметтік және этно-

әлеуметтік рөлдеріне сай қазақстандық мәдениет құндылықтарын қалыптастыру үдерісін қамтамасыз ету мазмұны мен технологиясын құрастыру;

- мемлекеттік жастар саясаты туралы заңға жастардың саяси мәдениетіне, қазақстандық патриотизмі мен қазақстандық мәдени құндылықтарға деген бағдарына, т.б. басымдылық бере қайта толықтырулар мен өзгерістер енгізу;

- ЖОО-да білім беру бағдарламаларына қазақстандық патриотизм, көшбасшылық, азаматтық және саяси-құқықтық тәрбие бойынша элективті пәндер қатарын қосу;

- ЖОО-ның тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жастардың рухын көтеретін және ұлттық құндылықтарға басымдықтар беретін тәрбие орталықтары мен жастар театрын, шығармашылық байқауларын ұйымдастыру; т.б.

- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының басшылығымен жастарды отансүйгіштікке, туған жерді қадірлеуге басымдық беретін орта мектептерге ұлттық тәрбие бағдарламаларын даярлау, қосымша білім берудің жаңа бағыттарын қолдау және аулалық клубтарды қалпына келтіру;

- балабақшалар мен мектептерде ата-аналардың бала тәрбиесіндегі педагогикалық мәдениетін қалыптастыруда «Ата-аналар академиясын» ұйымдастыру, т.б.

Әдебиеттер

- 1 Қаңтар оқиғасы // URL: <https://sputnik.kz/incidents/20220123/19200967/politsiya-almaty-akimdik-sukhbat.html> Қол жеткізу күні 21.01.2022
- 2 12 қаңтар күні Үкімет үйінде Қазақстан Үкіметінің отырысы өтеді // URL <https://primeminister.kz/kz/news/previews/12-kantar-kuni-ukimet-uyinde-kazakstan-ukimetinin-otyrysy-otedi-1105318> Қол жеткізу күні 21.01.2022
- 3 Каждое слово в цель // YouTube <https://www.youtube.com/watch?v=t4jU023v7LQ> Қол жеткізу күні 21.01.2022
- 4 Ibuka M. It's already late after three /Masaru Ibuka; [trans. from the English – N. Perova]. – Moscow: Alpina non-fiction, 2011. – 126 p.
- 5 Petrov Grigory. Finland The Country of White Lilies. Müge Sözen. Ataturk Research Center CT, 2020
- 6 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер.-Алматы: Жалын, 1991. – 469б.
- 7 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, Ана тілі, 1992.
- 8 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
- 9 Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.
- 10 Сегізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 456 б.
- 11 Молдабеков Ж.Ж. Қазақ елі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 215 б.
- 12 Нысанбаев Ә.Н. Жаһандану және қазақтың орнықты дамуы. Алматы, 2002. -264 б.
- 13 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. –Алматы. 2000. – 180 б.
- 14 Айдарбеков З.С. Казахстанская молодежь: ценности, приоритеты, стратегии самоопределения. – Алматы: Исламнур, 2008. – 328с.
- 15 Әуелғазина Т.Қ. Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуі: автореферат дис. саяси ғылым. д-ры: 23.00.02. Абай атын. Қазақ ұлттық пед. ун-ті. – Алматы: Нурай Принт Сервис, 2007. – 49 б. – Библиогр.: 42-49 б.
- 16 Абдрайымова Г.С. Социология молодежи. – Алматы: Жібек жолы, 2008. –278 с.
- 17 Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық

тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. ... пед. ғыл. докт. ...дисс. Қарағанды, 2007. – 321 б.

18 Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру: монография, ЭКО, 2007. – 220 б.

19 Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Пед. ғыл. канд. ...дис. Автореф. – Атырау, 2006. – 25 б.

20 Джанабаева Р.А.Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Әрекет-Принт, 2010. – 283 б.

21 Сайдахметова Л. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің дамуы (1970-2000). – Алматы, 2002. – 148 б.

22 Юнусова М.С. Мектеп оқушыларына көпмәдени білім берудің теориясы және практикасы: пед. ғыл. д-ры ... дис. автореф.: 13.00.01. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика ун-ті, 2010. – 43 с.

23 Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: әл-Фараби, 1995. – 463 б.

24 Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. Алматы: Нұрлыәлем, 2004.– 304 б.

25 Этнопедагогика народов Казахстана. Сборник научных трудов. Под редакцией Г.Н. Волкова и К.Ж. Кожаметовой – Алматы: «Алем», 2001. – 305с.

26 Қоңырбаева С.С. Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 183 б.

27 Алдамбергенова Г.Т. Қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері: пед.ғыл.докторы ...дисс. – Алматы, 2009.

28 Сарыбекова Ж.Т. Болашақ мұғалімдерді оқушы қыздарға қазақтың халық педагогикасы арқылы тәрбие беруге даярлау: педагогика ғылымының кандидаты... автореф.: 13.00.01. – Астана, 2004. – 29 б.

29 Автор. Название // URL <http://mvw.mext.go.jp/bmenu/kihon/about/06122123.htm>. Дата доступа

30 Концепция национально-патриотического воспитания детей и молодежи на Украине // URL https://pikabu.ru/story/kontseptsiya_natsionalnopatrioticheskogo_vospitaniya_detey_i_molodezhi_na_ukraine_3439779

31 Селезнева М.К. Социализация молодежи как фактор развития общества. Автореф. дисс... на соискание канд. фил. наук. – Санкт-Петербург, 2007. – 29 с.

32 Бабочкин П.И. Становление жизнеспособной молодежи в динамично изменяющемся обществе. М., 2000. – 175 с.

33 Kanunnikov K. S. Concepts of the European state youth policy: trends and main directions //A young scientist. – 2011. – No. 12. Vol.2. – pp. 19-22.

34 UNDP. Türkiye’de gençlik: insane gelişme raporu / UNDP //Türkiye Birleşmiş Milletler Kalkınma Programı. – Ankara, 2008.

35 Dilekchi Ihsan. Youth policy of Turkey //BELARUSIAN DUMA No. 7, 2014. pp. 97-111.

36 Pultar, E. Biz Kimiz: toplumsal yapı araştırmasında gençler / E.Pultar. – Istanbul: KONDA, 2008.

37 Yoshimitsu Khan. Japanese Moral Education. Past and Present. Madison, Teaneck, Fairleigh Dickinson University Press, London: Associated University Presses. 1998.

38 Plyukshta Yu.N. The concept of moral and patriotic education in modern Japan. Diss... Candidate of Historical Sciences. – Moscow, 2009 p.

39 Құсайынов А.Қ. Қожахметова К.Ж. Біз өз балаларымызды білеміз бе? (Екі тілде) [Мәтін] / А.Қ. Құсайынов.- Алматы: РОНД, 2004 ж.

40 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері// URL https://miras.edu.kz/university/images/PDF/kontseptualnyye_osnovy_vospitaniya_kz.pdf

41 Никандров Н.Д. Ценности как основа цели воспитания / Н.Д. Никандров //Педагогика. 1998. – №3. – С. 3-10.

42 Толковый словарь обществоведческих терминов /Н.Е. Яценко. Санкт-Петербург : Изд-во “Лань”, 1999. – 524 стр.

43 Прохожев А.А. Национальная безопасность: проблемы теории. М.: РАГС, 1977. С.17

44 Inglehart R., Welzel K. Modernization, cultural changes and democracy: The sequence of human development M.: New Publishing House, 2011. – 464 p.

45 Zhumadullaeva Aygul A., Konyrbaeva Sarash S., Duanbaeva Bibi C., Kasymbekova Zhakipbek A., Daniyarova Talgat A, Isaeva Mukhtar S.. Applying the Findings of Scientific and Pedagogical Research in Values Education IEJME— MATHEMATICS EDUCATION, 2016, VOL. 11, NO. 5, 1231-1243

References

«Ruhani Zhangyru» bagdarlamасыn iske asyru zhagdaiyndagy tarbiening tuzhyrymdylyq negizderi[CONCEPTIVE FUNDAMENTALS OF EDUCATION IN THE CONTEXT OF IMPLEMENTATION OF THE SPIRITUAL REVIVAL PROGRAM] // URL: https://miras.edu.kz/university/images/PDF/kontseptualnyye_osnovy_vospitaniya_kz.pdf (In Kazakh)

12 qangtar kuni Ukimet uinde Qazaqstan Ukimetining otyrysy otedi [A meeting of the Government of Kazakhstan will be held on January 12 in the Government House]// URL:<https://primeminister.kz/kz/news/previews/12-kantar-kuni-ukimet-uyinde-kazakhstan-ukimetinin-otyrysy-otedi-1105318> Retrived at 21.01.2022 (In Kazakh)

Abdraimova G.S.(2008) Sotsiologiya molodezhi[Youth Sociology].Almaty.Zhibek Zholy. 278 p. (In Russian)

Aidarbekov Z.S.(2008) Kazakhstanskaya molodezh’: tsennosti, priorityty, strategii samoopredeleniya[Kazakhstani Youth: Values, Priorities, Strategies for Self-Determination].Almaty.Islamnur. 328p. (In Russian)

- Aimauytov Zh. (1995) *Psikhologia* [Psychology]. Almaty. Rauan. 312 p. (In Kazakh)
- Aitaly A. (2003) *Ullttau* [Nation studying]. Almaty. Arys. 226 p. (In Kazakh)
- Aldambergenova G.T. (2009) *Qazaq khalyq pedagogikasynda qyzdarga moraldyq-etikalıyq tarbie beruding gylymi negizderi: pedagogika gylymdarynyng doktory dissertattısyasy*. [Scientific bases of moral and ethical education of girls in Kazakh folk pedagogy: doctor of pedagogical sciences ... dissertation] Almaty. (In Kazakh)
- Auelgazina T.Q. (2007) *Qazaqstan Respublikasyndagy zheke tulganyng sayasi aleumettenui: avtoreferat dissertattısyasy sayasi gylym doktory 23.00.02. Abay atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalıyq universiteti*. [Political socialization of the individual in the Republic of Kazakhstan: abstract dissertation doctor of political science: 23.00.02. Abay Kazakh National Pedagogical University]. Almaty. Nuray Print Service. 49p. (In Kazakh)
- Babochkin P.I. (2000) *Stanovleniye zhiznesposobnoy molodezhi v dinamichno izmenyayushchemsya obshchestve*. [The formation of viable youth in a dynamically changing society.] Moscow. 175 p. (In Russian)
- Baitursynov A. (1991) *Aq zhol: Olengder men tarzhimeler, maqalalar zhane adebi zertteuler* [Ak Zhol: Poems and translations, articles and literary researches]. Almaty. Zhaly. 469 p. (In Kazakh)
- Boleev Q. (2004) *Bolashak mugalimderdi oqushylarga ulttyq tarbie beruge kasibi daiyndau* [Professional training of future teachers for national education of students]. Almaty. Nurlyalem. 304 p. (In Kazakh)
- Dilekchi Ihsan. *Youth policy of Turkey // BELARUSIAN DUMA No. 7, 2014. pp. 97-111.*
- Duisenbayev A.Q. (2006) *Qazaq batyrlarynyng kakharmandyq beinesi arqyly oqushylardy otansuigishtikke tarbieleuding pedagogikalıyq sharttary*. *Pedagogika gylymdarynyng kandidattıyq dissertattısyasy Avtoreferat*. [Pedagogical conditions of patriotic education of students through the heroic image of Kazakh heroes. Candidate of pedagogical sciences dissertation. Author's abstract.] Atyrau. 25 p. (In Kazakh)
- G.N. Volkova, K.Zh. Kozhakhmetova (2001) *Etnopedagogika narodov Kazakhstana. Sbornik nauchnykh trudov* [Ethnopedagogy of the peoples of Kazakhstan. Collection of scientific papers]. Almaty. Alem. 305p. (In Russian)
- Gabbasov S. (1995) *Khalyq pedagogikasynyng negizderi* [The basics of ethnic pedagogy]. Almaty: Al-Farabi. 463 p. (In Kazakh)
- Ibuka M. *It's already late after three / Masaru Ibuka; [trans. from the English - N. Perova]. - Moscow: Alpina non-fiction, 2011. - 126 p.*
- Imanbayeva S.T. (2007) *Qazaqstan Respublikasynyng aleumettik damu zhagdaiynda mektep oqushylaryna patriottyq tarbie beruding gylymi-pedagogikalıyq negizderi pedagogikalıyq gylymdar doktory dissertattısyasy* [Scientific and pedagogical bases of patriotic education of schoolchildren in the conditions of social development of the Republic of Kazakhstan dissertation doctor of pedagogical sciences] Karagandy, 321 p. (In Kazakh)
- Inglehart R., Welzel K. *Modernization, cultural changes and democracy: The sequence of human development* M.: New Publishing House, 2011. - 464 p.
- Kanunnikov K. S. *Concepts of the European state youth policy: trends and main directions // A young scientist. - 2011. - No. 12. Vol.2. - pp. 19-22.*
- Kazhdoe slovo v tsel' [Each word has a purpose]] Youtube // URL: <https://www.youtube.com/watch?v=t4jU023v7LQ> Retrived at 21.01.2022
- Kontseptsıya natsional'no-patrioticheskogo vospitaniya detey i molodezhi na Ukraine [The concept of national-patriotic education of children and youth in Ukraine] // URL: https://pikabu.ru/story/kontseptsıya_natsionalnopatrioticheskogo_vospitaniya_detey_i_molodezhi_na_ukraine_3439779 (In Russian)
- Ministerstvo obrazovaniya, kultura, sporta, nauki, tehnologii Yaponii [Ministry of Education, culture, sport and technology Japan] // URL: <http://mww.mext.go.jp/bmenu/kihon/about/06122123.htm>. (In Russian)
- Moldabekov Zh.Zh. (2015) *Qazaq eli: oqu quraly* [Kazakh nation: educational manual]. Almaty. Qazaq universiteti [Kazakh university]. 215 p. (In Kazakh)
- N.Ye. Yatsenko (1999) *Tolkovyy slovar' obshchestvovedcheskikh terminov* [Explanatory dictionary of social science terms]. Saint-Petersburg. Publishing House "Lan". 524 p.
- Nikandrov N.D. (1998) *Tsennosti kak osnova tseli vospitaniya* [Values as the basis of the goal of education]. *Pedagogika*. [Pedagogy] 1998. – No 3., pp. 3-10. (In Russian)
- Nurmuratov S.E. (2000) *Rukhani qundylyqtar alemi: aleumettik filosofialıyq taldau* [World of spirital value: social philosophical analysis]. Almaty. 180 p. (In Kazakh)
- Nysanbaev A.N. (2002) *Zhakhhandanu zhane qazaqtyng ornyqty damuy* [Globalization and sustainable development of the Kazakh people]. Almaty. 264 p. (In Kazakh)
- Petrov Grigory. *Finland The Country of White Lilies. Müge Sözen. Atatürk Research Center CT, 2020*
- Plyukshta Yu.N. *The concept of moral and patriotic education in modern Japan. Diss... Candidate of Historical Sciences. - Moscow, 2009 p.*
- Prokhozhev A.A. (1977) *Natsional'naya bezopasnost': problemy teorii*. [National Security: Problems of Theory] Moscow. RAGS. 17 p. (In Russian)
- Pultar, E. *Biz Kimiz: toplumsal yapı araştırmasında gençler / E.Pultar. – Istanbul: KONDA, 2008.*
- Qangtar oqıgasy [January case]] // URL: <https://sputnik.kz/incidents/20220123/19200967/politsiya-almaty-akimdik-sukhbat.html> Retrived at 21.01.2022 (In Kazakh)
- Qonyrbayeva S.S. (2008) *Zhogary synyp oqushylaryn otbasylyq omirge etnomadeni qundylyqtar negizinde dayarlaudıyng pedagogikalıyq sharttary: pedagogika gylymdarynyng kandidattıyq dissertattısyasy* [Pedagogical conditions for preparing high school students for family life on the basis of ethnocultural values: dissertation of candidate of pedagogical sciences]. Almaty. 183 p. (In Kazakh)
- Qusainov A.Q., Kozhakhmetova K.Zh. (2004) *Biz balalarymyzdy bilemez be? (Eki tilde)* [Do we know our children? ? (in two languages)]. Almaty. ROND. (In Kazakh)
- Saidakhmetova L. (2002) *Qazaqstan mektepterine oqushylardy patriotizmge tarbieleuding damuy (1970-2000)*. [Development of patriotic education in schools of Kazakhstan (1970-2000)] Almaty. 148 p. (In Kazakh)
- Sarybekova Zh.T. (2004) *Bolashaq mugalimderdi oqushy qyzdarga qazaqtyng khalyq pedagogikasy arqyly tarbie beruge dayarlau: pedagogika gylymynyng kandidattıyq avtoreferat*: 13.00.01. Astana. 29 p. (In Kazakh)

Segizbayev O.A.(2001) Qazaq filosophiyasyng tarihy[History of Kazakh philosophy].Almaty.Gylym[Science] 456 p. (In Kazakh)

Selezneva M.K.(2007) Sotsializatsiya molodezhi kak faktor razvitiya obshchestva. Avtoref. Dissertatsiya na soiskaniye kandidata filologicheskikh nauk.[Socialization of youth as a factor in the development of society. Abstract dissertation for Candidate of Philological Sciences.] 29p. (In Kazakh)

UNDP. Türkiye’de gençlik: insane gelişme raporu / UNDP //Türkiye Birleşmiş Milletler Kalkınma Programı. – Ankara, 2008.

Yoshinitsu Khan. Japanese Moral Education. Past and Present. Madison, Teaneck, Fairleigh Dickinson University Press, London: Associated University Presses. 1998.

Yunusova M.S.(2010) Mektep oqushylaryna kopmadeni bilim beruding teoriyasy zhane praktikasy: pedagogika gylymdary doktory dissertatsiyasi avtoreferat: 13.00.01-Almaty:Kazakh memlekettik qyzdar universiteti[Theory and practice of multicultural education to school children: abstract of dissertation of doctor of pedagogical sciences: 13.00.01-Almaty:Women’s training university].43 p. (In Kazakh)

Zhanabayeva R.A.(2010) Qalyq pedagogikasyndagy patriottyq-erlik tarbiesining negizderi[Basics of patriotic and heroic education in folk pedagogy].Almaty.Areket-Print. 283 p. (In Kazakh)

Zhumabayev M. (1992) Pedagogika [Pedagogy].Almaty.Ana tili[Mother language] (In Kazakh)

Zhumadullaeva Aygul. A., Konyrbaeva Sarah S., Duanbaeva Bibi C., Kasymbekova Zhakipbek A., Daniyarova Talgat A, Isaeva Mukhtar S.. Applying the Findings of Scientific and Pedagogical Research in Values Education IEJME— MATHEMATICS EDUCATION, 2016, VOL. 11, NO. 5, 1231-1243

Zhumataeva E.(2007) Qazaqstan maidanger zhazushylarynyng shygarmalary arqyly oqushylarga patriottyq tarbie beru: momographia[Patriotic education of students through the works of Kazakhstani writers: a monograph] EKO. 220 p. (In Kazakh)

